



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

# **Сапа бойынша есеп**

Бақыланбайтын экономиканы бөле отырып  
Қазақстан Республикасының 2018 жылғы  
Жалпы өңірлік өнімі

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар басқармасы

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Сармағамбет Мөлдір Азаматқызы

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Нақыпбеков Әсет Ерікұлы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8, 4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

[m.sarmagambet@economy.gov.kz](mailto:m.sarmagambet@economy.gov.kz)

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-93-02

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) негізгі мақсаты экономиканың тиімді жұмыс істеуін бағалау және талдау үшін жарамды макроэкономикалық деректер базасын құру үшін пайдаланылуы мүмкін жан-жақты тұжырымдамалық негізді және есепке алу құрылымын қамтамасыз етуден тұрады. Осындай деректер базасының бар болуы дәйекті және тиімді саясатты қалыптастыру үшін және тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажетті шарт болып табылады.

Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) – жекелеген өңірдің резиденттік бірлік-өндірушілерінің өндірістік қызметінің белгілі бір уақыт ішіндегі және нарықтық бағалармен есептелетін түпкілікті нәтижесі. Түпкілікті пайдалану және бөлудің барлық компоненттерін өңірлік деңгейде толыққанды есептеуді жүзеге асыру үшін ақпараттық базаның болмауына байланысты ЖӨӨ өндірістік әдіспен есептеледі. Өңірлік шоттар деректері кез келген елдің аумақтық басқару органдарымен қатар орталық басқару органдары үшін де қажеттілікті тудырады. Қазіргі уақытта ЖӨӨ қалыптастырудың өзектілігі тиісті ақпараттық базаны кеңейту арқылы өңірлік статистикалық жүйені дамыту қажеттілігіне негізделген, оның деректері ғылыми және қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелер үшін, сондай-ақ өңірлердегі экономикалық жағдайды зерделейтін ғылыми және білім беру мекемелері мен басқа ұйымдар жүзеге асыратын экономикалық процестерді модельдеу үшін қолданылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, облыстық әкімдіктер, Статистика комитетінің аумақтық

департаменттері, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және ғылыми-зерттеу институттары сияқты мемлекеттік органдар негізгі пайдаланушылар болып табылады.

### S.3 Метадеректерді жаңарту

#### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

#### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

#### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

### S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

#### S.4.1 Деректерді сипаттау

Қазақстан Республикасының 17 өңірі бойынша өндіріс әдісімен есептелген ЖӨӨ, бір жағынан тұтастай тауарлар мен қызметтерді шығару және екінші жағынан аралық тұтыну немесе әр өңірдің экономика салаларында құрылған қосылған құнның сомасы арасындағы айырманы білдіреді. Өндіріс әдісімен ЖӨӨ-ні есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$GRP = GVA + NT$$

$$GVA = (Out - IC)$$

мұндағы:

GRP – ЖӨӨ;

GVA – Саланың жалпы қосылған құны, млн. теңге;

Out – Саланың жалпы шығарылымы, млн. теңге;

IC – Сала бойынша аралық тұтынуы, млн. теңге;

NT – Өндіріске және импортқа салынатын таза салықтар.

Өндіру әдісімен ЖӨӨ экономикалық қызмет түрлері бойынша ағымдағы және тұрақты бағалар бойынша қалыптасады. Жалпы қосылған құн (бұдан әрі - ЖҚҚ) тауарлар мен қызметтерді шығару мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеледі.

ЖӨӨ есептеулері «жоғарыдан-төменге» тәсілімен жүзеге асырылады, аталған тәсіл жалпы экономика туралы деректерді, өңірлердің экономикалық қызмет түрлерін сипаттайтын қосалқы көрсеткіштеріне сәйкес өңірлер арасында бөлуге негізделген. Жалпы ішкі өнімді (бұдан әрі – ЖІӨ) бөлу үшін салалық және құрылымдық статистиканың статистикалық деректері өңірлік бөліністе қолданылады. Бақыланбайтын экономикаға түзетулер мен жете есептеуді ескере отырып, жалпылай алғанда экономика бойынша қалыптасқан ҰШЖ жалпы шығарылымы (бұдан әрі – ЖШ) әрбір қызмет түрі бойынша салалық шығарылымдарға сәйкес өңірлер бөлінісінде бөлінеді. ЖІӨ-ні өңірлер бойынша бөлу мысалы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. ЖІӨ-ні өңірлер бойынша бөлу

Жалпы ішкі өнім					
100%					
↓	↓	↓	↓	↓	↓
<u>5%</u> №1 өңірдің ЖІӨ	<u>13%</u> №2 өңірдің ЖІӨ	<u>25%</u> №3 өңірдің ЖІӨ	<u>30%</u> №4 өңірдің ЖІӨ	<u>17%</u> №5 өңірдің ЖІӨ	<u>10%</u> №6 өңірдің ЖІӨ

«Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» (индексі -1-ПФ) және «Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп» (индексі - 2-МП) статистикалық нысандары аралық тұтынуды есептеу үшін ақпарат көзі болып табылады. Көрсетілген нысандар негізінде әрбір сала бойынша өңір бөлінісінде жалпы шығарылымның аралық тұтыну үлесі есептеледі.

Статистика комитетінің салалық басқармаларының және мемлекеттік органының (ҚР Қаржы министрлігі) деректері ақпарат көзі болып табылады.

ЖӨӨ экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде тоқсандық және жылдық негізде есепті деректер бойынша есептеледі.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлесімдендірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2007 ҚР ҰЖ). Жіктеуіш ҚР ҰЭМ СК-нің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Қолданылмайды.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Ұлттық шоттар жүйесі макроэкономикалық шоттардың, активтер мен пассивтер баланстарының, сондай-ақ негізіне халықаралық деңгейде келісілген ұғымдар, анықтамалар, жіктелімдер мен есепке алу қағидаларының бірқатары жататын кестелердің логикалық түрде тізбекті, үйлесімді және тұтас жиынтығын білдіреді.

ЖӨӨ - бұл ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Бұл көрсеткіш экономикалық дамуды болжау модельдерін құруда қолданылады.

ҰШЖ-2008 сәйкес тиісті анықтамаларымен негізгі ұғымдар:

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі;

Жалпы шығарылым экономикада есепті кезеңде өндірілген тауарлар мен қызметтердің жиынтық құнын көрсетеді;

Жалпы қосылған құн – өндірістік қызметтің түпкілікті нәтижесін

сипаттайды және берілген өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді.

Аралық тұтыну өндіріс процесінде түрленетін немесе түгелдей тұтынылатын тауарлар мен қызметтер құнына тең;

Нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) – салыстырмалы кезеңде өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Базистік кезеңдегі бағада бағаланған, ағымдағы кезеңде анықталған көрсеткіш құнын оның базистік кезеңдегі құнына бөлумен есептеледі;

Өнімдерге салынған салықтар мөлшері өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты салықтарды қамтиды. Өнімдерге салынатын салықтарға: қосылған құн салығы, акциздер, шетелден әкелінетін тауарлар мен қызметтерге салынатын салықтар және басқалары кіреді;

Өнімдерге салынған субсидиялар – кәсіпорындарға олар тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін өндірген жағдайда мемлекеттік бюджеттен берілетін ағымдағы өтеусіз төлемдер;

Өнімдерге салынатын таза салықтар – тиісті субсидияларды шегергендегі салықтар.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Экономикалық қызмет түрлері және өңірлер бойынша көрсеткіштер.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

ЖӨӨ 1990 жылдан бастап қалыптастырылады, НКИ 2001 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін есептеледі.

#### S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Миллион қазақ теңгесі

#### S.6 Есепті кезең

жыл

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасының заңнамалық тәртібінде белгіленген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

4. Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған).

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы «27» қарашадағы №189 бұйрығымен бекітілген «Ағымдағы және тұрақты бағалардағы жалпы өңірлік өнімді есептеу әдістемесі».

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы «7» тамыздағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі». Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 тамызда № 19215 болып тіркелген.

## S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығы, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

### S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қол жетімді.

### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы.

### S.10 Тарату жиілігі

жыл

### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

#### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланбайды.

#### S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі» жедел ақпараты тоқсан сайынғы негізде ағымдағы бағалардағы негізде экономикалық қызметтің түрлері бойынша жалпы қосылған құн туралы, нақты көлем индексі, өңірлердің үлес салмағы, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің кестесі, өнімге салынатын салық туралы деректерді қамтиды.

«Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі» жедел ақпараты ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Жедел ақпарат бөлімінде Word форматында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

2) «Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі» бюллетені жыл сайын экономикалық қызметтің түрлері бойынша деректерді қамтиды, мысалы: жалпы қосылған құн, нақты көлем индексі, өңірлердің үлес салмағы, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, өнімге таза салық және ЖІӨ-дегі бақыланбайтын экономиканың үлес салмағын бағалау.

«Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі» бюллетені ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Бюллетендер бөлімінде Excel форматында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

3) ЖӨӨ компоненттері бойынша динамикалық кестелерде жалпы қосылған құн, нақты көлем индексі, ағымдағы бағалардағы экономикалық қызмет



түрлері бойынша өңірлердің үлес салмағы, өнімге салынатын салықтар, сондай-ақ жан басына шаққандағы өңірлік жалпы өнім туралы деректердің динамикасы қамтылған.

Динамикалық кестелер жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Динамикалық кестелер бөлімінде Excel форматында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

4) «Қазақстан Республикасының Ұлттық шоттары» статистикалық жинағында ағымдағы бағалар бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы қосылған құн туралы деректер бар. Статистикалық жинақ жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Жарияланымдар / Статистикалық жинақтар / Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары бөлімінде Word және PDF форматтарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

5) «Қазақстан өңірлері» брошюрасында жалпы қосылған құн және өңірлердің ЖІӨ-дегі үлес салмағы туралы деректер бар. Word, PDF форматындағы брошюра қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Жарияланымдар / Статистикалық жинақтар / Қазақстан өңірлері бөлімінде жарияланады.

6) «Жалпы ішкі өнім» буклетінде жалпы қосылған құн, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, НКИ, ЖІӨ-дегі өңірлердің үлес салмағының кестесі бар. PDF форматындағы брошюра жыл сайын Қазақстан Республикасы ҰЭМ Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Жарияланымдар / Статистикалық буклеттер / Жалпы ішкі өнім бөлімінде жарияланады.

### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық талдамалық жүйесі > Ұлттық шоттар статистикасы > Ағымдағы шоттар > Өндіріс әдісі бойынша жалпы ішкі өнім.

#### S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

### S.11.5 Өзге де

#### S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

## S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған).

<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы «27» қарашадағы №189 бұйрығымен бекітілген «Ағымдағы және тұрақты бағалардағы жалпы өңірлік өнімді есептеу әдістемесі».

### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары.

3.Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

## S.13 Сапаны басқару

### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады:

-халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;

-тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

-статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

### S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа 2008 ҰШЖ халықаралық стандартының тұжырымдамаларын қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

## S.14 Өзектілік

### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ұлттық шоттар деректері экономикалық саясатты мониторингілеу

және шешімдер қабылдау, болжау, әкімшілік мақсаттар, қоғамды кеңінен ақпараттандыру және экономикалық зерттеулер үшін деректері негізгі ақпарат болып табылады. Ұлттық шоттардың жылдық деректерінің пайдаланушылары әдетте қысқа мерзімді перспективада экономикадағы құрылымдық өзгерістерді талдауға назар аударады.

Негізгі пайдаланушылар:

мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және тағы басқаралары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқаралары);

халықаралық ұйымдар (ЕурАзЭҚ, ТМД Статкомитеті және тағы басқаралары);

облыстық әкімдіктер және аумақтық департаменттер;

жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар.

ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

#### S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салуды Комитет жүргізеді.

#### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дәлдігі деректер көздерінің әдіснамалық негізділігін бағалау және әдіснамалық ұсынымдарды сақтау арқылы бақыланады.

##### S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

##### S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

##### S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

##### S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

##### S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

##### S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

##### S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

##### S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

## S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

### S.16.1 Уақыттылық

#### S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

ЖӨӨ деректері жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады. Алғашқы нәтижелер алдын ала болып табылады. Алдын ала деректер есепті кезеңнен кейінгі 4-айда жарияланады (Т+4 ай).

#### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Есепті деректер есепті кезеңнен кейінгі 8-айда жарияланады (Т+8 ай). Есепті деректер түпкілікті болып табылады.

### S.16.2 Ұқыптылық

#### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР ҰЭ министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2019 жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес «2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнімі» (тоқсандық негізде) жедел ақпаратының жарияланым мерзімі – 2019 жылғы 30 сәуір, «2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнім» (жылдық негізде) бюллетені – 2019 жылғы 22 тамыз.

«2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнімі» (тоқсандық негізде) жедел ақпараты бойынша жоспарлы және нақты мерзімдерге сәйкес келеді, жарияланым мерзімінің орындалмауы болған жоқ.

«2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнімі» (жылдық негізде) бюллетенінің нақты жарияланым мерзімі – 2019 жылғы 27 қыркүйек. Жоспарлы және нақты мерзімдер сәйкес келмейді, жарияланым мерзімінің орындалмауы – 35 күн.

2-кесте. Жарияланым мерзімдері

Жарияланым	Жоспар	Нақты	Айырмашылық
2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнімі (тоқсандық негізде) жедел ақпарат	2019 жылғы 30 сәуір	2019 жылғы 30 сәуір	жоқ
«2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнімі» (жылдық негізде) бюллетені	2019 жылғы 22 тамыз	2019 жылғы 27 қыркүйек	35 күн

Жарияланым мерзімінің ауыстырылу себебі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Статистика комитеті төрағасының 2019

жылғы 7 тамыздағы № 4 бұйрығымен бекітілген Бақыланбайтын экономиканы бағалаудың жаңа әдістемесіне сәйкес ЖІӨ есептеулерін және тиісті ретроспективтік қайта есептеуді жүзеге асыруға орай 2018 жылғы Қазақстан Республикасының Жалпы өңірлік өнімі» (жылдық негізде) бюллетенін жариялау мерзімін 2019 жылғы 22 тамыздан 27 қыркүйекке ауыстыру жөніндегі 2019 жылғы 30 шілдедегі №36-01/380-ВН қызметтік жазбасы және 2019 жылғы 27 тамыздағы №36-2-17/287-ВН қызметтік жазбасы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 тамызда №19215 болып тіркелген.

Шымкент қаласын республикалық маңызы бар қала санатына енгізу және Оңтүстік Қазақстан облысын әкімшілік орталығы Түркістан қаласы болып табылатын Түркістан облысына ауыстыру туралы 2018 жылғы 19 шілдедегі № 702 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Президент Жарлығына қол қойылуы негізінде «Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі» есебі 2018 жылдың 1 жартыжылдығынан бастап 17 өңір бойынша жүзеге асырылады

3-кесте. 2017- 2018 жылдарғы Жалпы өңірлік өнім

	2017	2018
Қазақстан Республикасы	54 378 857,8	61 819 536,4
Ақмола	1 552 703,8	1 699 883,9
Ақтөбе	2 341 889,2	2 708 455,4
Алматы	2 472 041,8	2 795 117,0
Атырау	5 947 653,8	7 818 812,1
Батыс Қазақстан	2 337 505,7	2 790 661,6
Жамбыл	1 350 661,6	1 532 118,6
Қарағанды	4 284 362,6	4 734 402,0
Қостанай	1 850 281,0	2 069 286,2
Қызылорда	1 430 980,1	1 647 016,4
Маңғыстау	3 296 136,8	3 803 063,3
<i>Оңтүстік Қазақстан</i>	<i>3 187 724,4</i>	
Павлодар	2 369 297,8	2 746 652,1
Солтүстік Қазақстан	1 113 959,4	1 212 007,8
<i>Түркістан</i>		<i>1 659 958,8</i>
Шығыс Қазақстан	3 174 812,8	3 589 332,8
Нұр-Сұлтан қ.	5 775 621,1	6 705 993,3
Алматы қ.	11 893 225,9	12 132 649,7
<i>Шымкент қ.</i>		<i>2 174 125,4</i>

#### S.17 Салыстырмалылық

##### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдіснамасына сәйкес жүргізілетіндіктен, халықаралық деңгейде салыстырмалы.

##### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы –

коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

#### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2010 жылдан бастап ЖӨӨ (тоқсандық және жылдық) NACE rev.2 халықаралық жіктеуішімен үйлесімдендірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ, ҚР МЖ 03-2007) сәйкес қалыптастырылады.

#### S.18 Келісушілік

##### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол бірыңғай түсініктерді, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ өңірлер бойынша өндіріске және импортқа таза салықтарды есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «2018 жылғы өңірлер бөлінісінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына салықтар мен төлемдердің түсімі» деректері қолданылады.

##### S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар жүйесі шеңберінде ұлттық шоттар деректері арасында келісушілік бар. Бірақ әр түрлі деректер көздерін пайдалану нәтижесінде толық келісушілік барлық жағдайда мүмкін емес. Статистика комитетінің салалық басқармалары ЖӨӨ қалыптастыру кезеңінде «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы», «Өнеркәсіп», «Құрылыс», «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу», «Көлік және қоймалау», «Ақпарат және байланыс» және тағыда басқалары сияқты салалар бойынша жалпы шығарылым деректері және НКИ ұсынылады.

#### S.19 Жүктеме

ЖӨӨ Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы қызметкерлері Excel-де қалыптастырады. ЖӨӨ көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың және әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады.

Басқа статистикалық жұмыстармен қатар қайталанбайды.

#### S.20 Деректерді қайта қарау

##### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

1) Деректер жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қайта қаралады. Алдын ала деректер есепті кезеңнен кейінгі 4-айда жарияланады (Т+4 ай). Есепті деректер есепті кезеңнен кейінгі 8-айда жарияланады (Т+8 ай). Есепті деректер түпкілікті болып табылады.

2) Әдіснаманың, жіктеуіштің өзгеруі жағдайларында қайта қарау.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

ЖӨӨ қалыптастыру үшін бастапқы деректер болып табылады:

салалық статистика деректері:

- тауарлар мен қызметтердің жалпы шығарылымы және НКИ;
- еңбек туралы есеп (қызметкерлердің нақты саны, қызметкерлердің жалақы қоры, бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, экономикалық қызмет түрлерінің өңірлер бөлінісінде жұмыспен қамтылғандар);
- баға индекстері;
- пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы;
- кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп (1-ПФ), шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп (2-МП);
- өзге деректер.

ведомстволық және әкімшілік деректер:

- өңірлер бөлінісіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына салықтар мен төлемдердің түсімі (ҚР Қаржы министрлігі).

### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалық статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынды.

Әкімшілік деректер дереккөздердің ресми сайттарынан Excel кестесі түрінде алынды.

### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалақ статистика басқармаларынан және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

### S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

## S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.